

## Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 310 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қазанда № 5177 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы мен "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес Жаңақорған ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласының мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданы  
мәслихатының кезекті XLV  
сессиясының төрағасы  
А. Шайыхов*

*Жаңақорған ауданы  
мәслихаты хатшысының  
уақытша міндетін атқарушы  
С. Ысқақов*